

Жанбай селолық округі Жанбай селосы Б. Момышұлы және Исадай көшелері бойынша ауыл шаруашылығы малдары мен үй хайуаннаторының құтыру ауруына қарсы шектеу жариялау туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Исадай ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 19 наурыздағы N 37 қаулысы. Исадай аудандық Әділет басқармасында 2010 жылғы 5 сәуірде N 4-4-157 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Исадай ауданы әкімінің 2010 жылғы 24 мамырдағы № 86 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Исадай ауданы әкімінің 24.05.2010

№ 86 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339-II "Ветеринария туралы" Заңының 10-бабының 2-тармағына, 27-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жанбай селолық округі Жанбай селосының Б. Момышұлы және Исадай көшелері тұрғындарының ауыл шаруашылығы малдары мен үй хайуаннаторына екі ай мерзімге шектеу қойылсын.

2. Аудандық ветеринария бөліміне (М. Жағыпаров) ауданының барлық селолық округтерінде ауыл шаруашылығы малдары мен үй хайуаннаторына "құтыру" ауруына қарсы екпе жұмыстарын жүргізу және аудандық аумақтық инспекциясымен бірлесіп (Х. Қабасов - келісім бойынша) екпе жұмыстарының сапалы жүргізілуін бақылауға алып отыру ұсынылсын.

3. Аудандық орталық аурухана әкімшілігі (С. Айдаралиев - келісім бойынша) мен аудандық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасына (Ә. Шакесова - келісім бойынша) ауру малды бағып-күткен тұрғындарды дәрігерлік байқаудан өткізіп, сақтандыру шарасын алу ұсынылсын.

4. Жанбай селолық округіне (Ә. Хайдаров) селолық округ аумағындағы ауру таратушы болып есептелетін бұралқы ит, мысықтарды жоюдың барлық шарасын алу, тұрғындар арасында сақтық, түсінік жұмыстарын жүргізу міндеттелсін.

5. Қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т. Сұлтанбеков жүктелсін.

6. Қаулы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі 3. Сүйнешов

ААИБ _____ АСЭҚББ _____ АЕБД _____
К е л і с і л д і :
Аудандық аумақтық инспекциясының бастығы _____ X. Қабасов
1 7 . 0 3 . 2 0 1 0 ж .
Аудандық орталық аурухананың бас дәрігері _____ С. Айдаралиев
1 7 . 0 3 . 2 0 1 0 ж .
Аудандық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасының бастығы _____
----- Θ . Ш а к е с о в а
17.03.2010 ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК